



## БҰЙРЫҚ

Нұр-Сұлтан қаласы

## ПРИКАЗ

город Нур-Султан

2022 жылдың 6 мамыры № 141

### Іссапар туралы

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың мемлекеттік сапары шеңберінде, қоршаған ортаны қорғау саласында бірқатар меморандумдарға қол қою мақсатында 2022 жылғы 9 мамырдан бастап 11 мамыр аралығында Анкара қаласына (Түркия Республикасы) арнайы бортпен іссапарға шығамын.

2. Күнтізбелік 3 күн көлемінде тәуліктік ақысы, күнтізбелік 2 күн көлемінде тұрғын жай жалдау және арнайы бортпен Нұр-Сұлтан - Анкара - Нұр-Сұлтан бағыты бойынша жол жүру шығындары ҚР СІМ 005 бағдарламасы есебінен өтелсін.

3. Іссапар кезінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқару Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серик Салаватович Кожаниязовқа жүктелсін.

Қазақстан  
Республикасының  
Экология, геология  
және табиғи ресурстар  
министрі



С. Брекешев

## Келісім парағы

<b>ТАӘ</b>	<b>Мемлекеттік орган, (мекеме)/бөлім, лауазым</b>	<b>Шешімі</b>	<b>Қолы, күні</b>
------------	---	---------------	-------------------

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ  
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ  
И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 08 44

№ \_\_\_\_\_

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
А.С. Үйсімбаевқа  
Қ.Б. Абасовқа  
А.Б. Бердалинге  
М.С. Елюбаевқа  
Б.Т. Кесебаеваға  
Ф.Ә. Қаратаевқа  
М.М. Төлепбергенге**

*2022 жылғы 27 сәуірдегі  
№ ДС-148 депутаттық сауалға*

### **Құрметті Депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) қаңғыбас жануарлардың санын реттеуге қатысты өз құзыреті шеңберінде келесіні хабарлайды.

«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаңғыбас жануарлардың санын кез келген тәсілдермен жансыздандыру арқылы реттеуге тыйым салынады.

Сонымен қатар, Заңның 15-бабымен жануарларды өлтіруге жануар (жануарлар) адамға, жануарларға шабуыл жасаған жағдайда және (немесе) жануарлар адамның өміріне немесе денсаулығына, жануарларға, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қатер төндіретін өзге де жағдайларда, сондай-ақ жануарлардың адам өміріне немесе денсаулығына, жануарларға қауіп төндіретін аса қауіпті және жұқпалы ауруларды жою кезінде жол беріледі. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес адам және жануарлар денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Бұл тәсіл Конституцияның ережелеріне сәйкес келеді, оған сәйкес адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы болып табылады.

Осылайша, мемлекет халықты агрессивті қаңғыбас жануарлардан қорғау құралдарына ие.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 16-02/701 бұйрығымен бекітілген Жануарларға қарау қағидаларының 17-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар заңда көрініс тапқан қаңғыбас жануарларды биостерилизациялау әдістерімен аулауды және реттеуді жүзеге асырады.

Панажайлар мен қаржыландыру көздерінің болмауына қатысты Заңның 9 және 25-баптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар жануарларға арналған баспаналарды салуды және күтіп-ұстауды ұйымдастыруға, жануарларға арналған жеке баспаналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірлесіп қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы, сондай-ақ қаңғыбас жануарлардың санын реттеуді ұйымдастыру құқығы берілген, бұл олардың санын және жануарларға шабуыл жасау жағдайларын едәуір төмендетеді.

Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдардың ақпараты бойынша өңірлерде инфрақұрылым жоқ және заңды іске асыру үшін қаражат жеткіліксіз.

Осыған байланысты, заңды іске асыру мақсатында Министрлік жергілікті атқарушы органдарға (2022 жылғы 1 сәуірдегі № 01-27/908-И) иттер мен мысықтарды аулауға, вакцинациялауға, стерилизациялауға аулау қызметтеріне бюджет қаражатын бөлу мәселелерін қарау туралы, сондай-ақ панажайлар үшін жер учаскелерін бөлуге және жұмыс істеп тұрған жеке панажайларды қоса қаржыландыруға жәрдем көрсету туралы хат жолдады.

Бұдан басқа, Министрлік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ҚМ) «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына: «Қараусыз және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау»; «Қараусыз және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру»; «Жануарларды стерилизациялау»; «Жануарларды уақытша ұстау пункттерін, паналайтын орындарды салу және күтіп-ұстау» жаңа бағдарламаларды енгізу бөлігінде толықтырулар енгізу туралы хат жолдады. ҚР ҚМ хабарлауынша, қазіргі уақытта тиісті бұйрық жобасы әзірленуде.

Өз кезегінде, Министрлік бірқатар ережелерді әзірледі, оның ішінде, жануарларға арналған баспаналарды қоса қаржыландыру тәртібі және жануарларға арналған баспаналарды орналастыруға қойылатын талаптар, қаңғыбас жануарларды вакцинациялау және стерилизациялау ережелері, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру ережелері айқындалған, олар мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен келісілген және қазіргі уақытта осы ҚР Әділет министрлігінде келісу рәсімінен өтіп жатыр.

Заңға тәуелді актілерді уақтылы қабылдамағаны үшін лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тартуға қатысты Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – Комитет) Төрағасының 2022 жылғы 18 мамырдағы № 23 бұйрығына сәйкес заңға тәуелді актілерді іске асыруға жауапты Комитеттің жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы басқармасының басшысы Қ.Х. Чумакаев тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын хабарлаймыз.

**Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
міндетін атқарушы**

**С. Қожаниязов**

*Исп.: Р.Есмагулов  
тел.: 74-06-69*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ  
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ  
И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 08 44

№ \_\_\_\_\_

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Уисимбаеву А.С.  
Абасову К.Б.  
Бердалину А.Б.  
Елюбаеву М.С.  
Кесебаевой Б.Т.  
Каратаеву Ф.А.  
Тулепберген М.М.**

*На депутатский запрос № ДС-148  
от 27 апреля 2022 года*

**Уважаемые Депутаты!**

Министерство экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – Министерство), касательно регулирования численности бродячих животных, в рамках своей компетенции сообщает следующее.

В соответствии с пунктом 2 статьи 25 Закона Республики Казахстан «Об ответственном обращении с животными» (далее – Закон), регулирование численности бродячих животных путем умерщвления любыми способами, запрещается.

Наряду с этим, статьей 15 Закона, умерщвление животных допускается в случае нападения животного (животных) на человека, животных и (или) иных случаях, когда животные представляют угрозу жизни или здоровью человека, животных, а также общественному порядку и безопасности, в том числе при ликвидации особо опасных и заразных болезней животных, представляющих опасность для здоровья человека и животных, в соответствии с законодательством Республики Казахстан в области ветеринарии.

Данный подход корреспондируется с положениями Конституции, согласно которым высшими ценностями государства являются человек, его жизнь, права и свободы.

Таким образом, государство имеет инструменты защиты населения от агрессивных бродячих животных.

Необходимо отметить, что согласно подпункту 1) пункта 17 Правил обращения с животными, утвержденных приказом Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 16-02/701, местные исполнительные органы осуществляют отлов и регулирование беспризорных животных методами биостерилизации, которые нашли свое отражение в Законе.

Касательно отсутствия приютов и источников финансирования сообщаем, что согласно статьи 9 и 25 Закона, местные исполнительные органы вправе организовать строительство и содержание приютов для животных, осуществлять софинансирование частных приютов для животных в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, также наделены правом организовывать регулирование численности бродячих животных, что существенно снизит их количество и случаи нападения на людей соответственно.

При этом, по информации местных исполнительных органов, в регионах отсутствует инфраструктура и недостаточно средств для реализации Закона.

В этой связи, в целях реализации Закона, Министерством направлено письмо местным исполнительным органам (№ 01-27/908-И от 1 апреля 2022 года), о рассмотрении вопросов выделения бюджетных средств службам отлова на отлов, вакцинацию, стерилизацию собак и кошек, а также оказание содействия в выделении земельных участков для приютов и софинансирования действующих частных приютов для животных.

Кроме того, Министерством направлено письмо в Министерство финансов Республики Казахстан (далее – МФ) о внесении дополнений в приказ Министра финансов Республики Казахстан № 403 от 18 сентября 2014 года «Некоторые вопросы Единой бюджетной классификации Республики Казахстан», в части включения новых программ: «Временное содержание безнадзорных и бродячих животных»; «Идентификация безнадзорных и бродячих животных»; «Стерилизация животных»; «Строительство и содержание приютов, пунктов временной передержки для животных». По сообщению МФ РК, в настоящее время разрабатывается соответствующий проект приказа.

В свою очередь, Министерством разработаны ряд правил, в том числе правила деятельности приютов для животных, где определен порядок софинансирования приютов и требования к размещению приютов для животных, правила вакцинации и стерилизации бродячих животных, правила отлова, временного содержания и умерщвления животных, которые согласованы государственными и местными исполнительными органами и в настоящее время проходят процедуру согласования в Министерстве юстиции РК.

Касательно привлечения к ответственности должностных лиц за несвоевременное принятие подзаконных актов сообщаем, что согласно приказа

Председателя Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства (далее – Комитет) № 23 от 18 мая 2022 года ответственный за реализацию подзаконных актов руководитель управления животного мира и охотничьего хозяйства Комитета Чумакаев К.Х. привлечен к дисциплинарной ответственности.

**Исполняющий обязанности  
Министра экологии,  
геологии и природных ресурсов  
Республики Казахстан**

**С. Кожаниязов**

*Исп.: Р.Есмагулов  
тел.: 74-06-69*